**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде облигацияларының жетінші шығарылымының проспекті**

1. Осы облигациялар шығарылымы «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Эмитент) үшінші облигациялық бағдарламасының проспектіне сәйкес жүргізіледі.

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

| | |
|---|---|
| ⇒ облигациялық бағдарлама проспектінің мемлекеттік тіркеуге алынған күні | 2007 жылғы 22 маусым |
| ⇒ оның аясында шығарылым орындалатын ақшалай көрсеткіштегі облигациялық бағдарламаның көлемі | 200 000 000 000 (екі жүз миллиард) теңге |
| ⇒ облигациялар шығарылымының реттік нөмірі | Шығарылым Эмитенттің үшінші облигациялық бағдарламасының шегінде жетіншісі болып табылады |

⇒ облигациялардың алдыңғы шығарылымы туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркеуге алынған күні, облигациялар саны, номиналды құны бойынша шығарылым көлемі және осы облигациялық бағдарламаның шегінде әр шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялар саны):

| Шығарылым нөмірі | Шығарылымның уәкілетті органда тіркеуге алынған күні | Облигациялар саны, дана | Номиналды құны бойынша шығарылым көлемі, теңге | Орналастырылған облигациялар саны, дана |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 28.09.2007 жыл | 1 000 000 | 10 000 000 000 | 1 000 000 |
| 2 | 16.10.2008 жыл | 500 000 | 5 000 000 000 | 500 000 |
| 3 | 16.10.2008 жыл | 500 000 | 5 000 000 000 | 500 000 |
| 4 | 26.02.2009 жыл | 450 000 | 8 775 000 000 | 372 511 |
| 5 | 26.02.2009 жыл | 600 000 | 9 000 000 000 | 137 802 |
| 6 | 21.05.2009 жыл | 1 500 000 | 15 000 000 000 | орналастырылмаған |

⇒ облигациялық бағдарламаның шеңберінде оның ұстаушыларына шығарылған облигациялармен берілген құқықтар, соның ішінде шектеулер (ковенант) бұзылғанда жүзеге асырылған және осы ұстаушылардың құқықтарының жүзеге асырылу тәртібін көрсетіп, ұстаушылармен бекітілген бағалы қағаздарды сатып алу-сату шартында көзделген құқықтар:

үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялар шығарылымының проспектінде белгіленген мерзімде облигациялар өтелген кезде облигациялардың номиналды құнын алу;
үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде облигациялар шығарылымының проспектінде белгіленген мерзімде облигациялар бойынша сыйақы алу;
Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ақпарат алу;
Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда өз талаптарын қанағаттандыру;
облигацияларды еркін иесіздендіру және басқаша тәсілмен иелік ету;
облигацияларға берілетін меншік құқықтарынан шығатын басқа да құқықтар.

Эмитент бұрын шығарылған облигациялар бойынша қабылданған шектеулерді (ковенант) және ұстаушылармен бекітілген бағалы қағаздарды сатып алу-сату шартында көзделген құқықтарды бұзған жоқ.

| | |
|---|---|
| **3. Шағарылым құрылымы:** | |
| 1) Облигациялар түрі | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, қамсыздандырусыз купондық облигациялар |
| 2)<br>⇒ шығарылатын облигациялар саны | 10 000 000 дана |
| ⇒ номиналды құны бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі | 100 000 000 000 теңге |
| 3) бір облигацияның номиналды құны | 10 000 (он мың) теңге |
| 4) облигациялар бойынша сыйақы: | |
| ⇒ облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі | облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналымының бүкіл мерзіміне тіркелімді болып табылады және жылдығы номиналды құнның 7,5% (жеті бүтін оннан бес пайызын құрайды). |
| ⇒ сыйақының есептелуі басталатын күн | облигациялар бойынша сыйақы облигациялар айналымға түскен күннен бастап есептеледі. Сыйақы есептеу облигациялардың бүкіл айналым кезеңі ішінде жүргізіліп, облигациялар өтелетін күні аяқталады. |
| ⇒ кезеңділігі және сыйақы төлеу күні | Эмитент облигациялардың бүкіл айналым мерзімі ішінде облигациялар айналған күннен бастап әр 6 (алты) ай өткеннен кейін жылына 2 (екі) рет сыйақы төлейді.<br><br>Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басына (Эмитент Басқармасы орналасқан жердің уақыты бойынша) Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілім жүйесіне тіркелген тұлғаларға төленеді. |

| | |
|---|---|
| ⇒ сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары (инвестор Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасы болған жағдайда, төленетін валюта мен айырбастау бағамы көрсетіледі) | Облигациялар бойынша сыйақы облигация ұстаушылардың банктік шоттарына ақша сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде теңгемен аудару жолымен төленеді.<br><br>Сыйақы алуға сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушылардың тізіліміне тіркелген тұлғалардың құқықтары бар.<br><br>Төленетін күні сыйақы сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесіне облигациялардың номиналды құнының туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілердің саны мен дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.<br><br>Сыйақының соңғы төленуі облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасымен бірге бір уақытта жүргізіледі.<br><br>Эмитент барлық төлемдерді (сыйақы мен борыштың негізгі сомасын төлеу) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгемен) қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлейді.<br><br>Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасы болған жағдайда, облигациялар бойынша сыйақы облигация ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болғанда теңгемен төленеді.<br><br>Сыйақы төлегенде теңгені басқа валютаға (АҚШ доллары немесе еродан басқа) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес – облигация ұстаушыдан сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша өтініш алған жағдайда рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жүргізілетін күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізіледі. Теңгені басқа валютаға айырбастау (АҚШ доллары мен евродан басқа) Қазақстан Республикасының резиденті емес – облигация ұстаушының шотына орындалады.<br><br>Қазақстан Республикасының резиденті емес – облигация ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлем жүргізілгенде теңгені басқа валютаға айырбастауға болмайды. |
| ⇒ сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі | Эмитент сыйақыны облигациялардың бүкіл айналым мерзімі ішінде уақытша база есебінен 360/30 (жылына 360 күн және айына 30 күн) алып төлейді. |
| ⇒ индекстелген облигацияларды шығарғанда есептеу тәртібі | осы шығарылымның облигациялары индектстелген болып табылмайды |

| | |
|---|---|
| ⇒ сыйақы мөлшерлемесі тіркелімді болмаса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі | облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялардың бүкіл айналым мерзіміне тіркелімді болып табылады |
| 5) облигациялардың айналымы және өтелуі туралы мәлімет: | |
| ⇒ облигациялар айналымы басталатын күн | Осы Проспектінің талаптарына сәйкес Бірінші құрылған аукцион жүргізілген күн облигациялар айналымы басталған күн болып табылады.<br><br>Эмитент бірінші құрылған аукцион қорытындысы бойынша анықталған облигациялар айналымының басталған күні туралы ақпаратты Эмитенттің (http://www.halykbank.kz) корпоративтік сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (http://www.kase.kz) интернет ресурсында жариялайды. |
| ⇒ облигациялар айналымы жоспарланатын нарық | Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығы |
| ⇒ облигациялардың айналым мерзімі | облигациялар айналымы басталған күннен бастап 10 (он) жыл |
| ⇒ облигациялардың өтелу талабы | Облигациялар соңғы сыйақы төлемімен бір уақытта төлеу арқылы облигациялардың айналым мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде облигациялардың айналым мерзімі аяқталған күннің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару жолымен теңгедегі номиналды құны бойынша өтеледі.<br><br>Облигация ұстаушылар Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, облигация ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банктік шоты болғанда облигациялар теңгемен өтеледі.<br><br>Облигацияларды өтегенде теңгені басқа валютаға (АҚШ доллары немесе евродан басқа) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес – облигация ұстаушыдан облигациялардың айналым мерзімі аяқталатын күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша өтініш алған жағдайда рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жүргізілетін күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізіледі. Теңгені басқа валютаға айырбастау (АҚШ доллары мен евродан басқа) Қазақстан Республикасының резиденті емес – облигация ұстаушының шотына орындалады.<br>Қазақстан Республикасының резиденті емес – облигация ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлем жүргізілгенде теңгені басқа валютаға айырбастауға болмайды. |
| ⇒ облигациялардың өтелетін күні (кезеңі) | облигациялардың айналым мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде |

| | |
|---|---|
| ⇒ облигациялар өтелетін орын | Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Абай даңғ., 109 «В», Эмитент Басқармасы орналасқан жер бойынша |
| ⇒ облигациялардың өтелу тәсілі | Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы сыйақыны төлеу облигациялардың айналым мерзімі аяқталған күннің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару жолымен орындалады. |
| 6) облигациялар бойынша қамсыздандыру (ипотекалық және басқа қамтамасыз етілген облигацияларды шығарғанда) | Облигациялар қамсыздандырылған немесе ипотекалық болып табылмайды |
| 7) облигация ұстаушылардың өкілдері туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, облигация ұстаушының өкілінің қызмет көрсету шартының күні мен нөмірі көрсетіледі) | Облигацияларды ұстаушылардың өкілі: «ВСС Invest» акционерлік қоғамы - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы, номиналдық ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметтің 2006 ж. 31 шілдедегі № 0401201249 лицензиясына ие.<br>Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 100;<br>Басқарма Төрағасы: Каламхатов Нурлан Базарбаевич;<br>Шарттың күні мен нөмірі: Облигацияларды ұстаушылардың өкілінің қызмет көрсету туралы 2014 жылғы 10 қазандағы № ПДО-681 шарты;<br>Байланыс тел./факс: 8 (727) 244 32 32, электрондық почта мекенжайы: (info@bcc-invest.kz) |
| 8) тіркеуші туралы мәліметтер (атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, бағалы қағадарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсету шартының күні мен нөмірі көрсетіледі): | Бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамының тіркеушісі құрайды, жүргізеді және сақтайды.<br>Тіркеушімен жасалатын шарттың күні мен нөмірі: 2014 жылғы 01 қаңтардан бастап белгісіз мерзімге үлгілік нысанға біріктіру арқылы «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ-пен Бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестр жүйесін жүргізу шарты бекітілгенін және шартқа 899 нөмір берілгенін растау үшін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ берген сертификаты.<br>Тіркеушінің орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Абылай хан даңғ., № 141-үй, телефондары +7 (727) 272 47 60, +7(727) 272 47 66. |
| 9) облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдардың атауы, орналасқан жері, тиісті шарттарының күні мен нөмірі көрсетіледі) | Облигациялардың андеррайтері «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы болып табылады (Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 19/1, «Нұрлы Тау» КО, 3 Б, 6-қабат; тел: + 7 (727) 244-65-40, факс: + 7 (727) 259-05-93), «Қазақстанның қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ және «Қазақстан қор биржасы» АҚ мүшесі болып табылады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бағалы қағаздар нарығында қызмет жүргізуге берген 2014 жылғы 24 маусымдағы № 4.2.92/28 |

| | |
|---|---|
| | мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет етеді.<br>Андеррайтер Эмитентпен 2014 жылғы 20 қазанда бекітілген Андеррайтер қызметін көрсету туралы № 712 шарттың негізінде өз қызметін жүргізеді. |
| 10) төлем агенті туралы мәліметтер (оның атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі) | Төлем агенті көзделмеген.<br>Облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты Эмитент жеке өзі төлейді. |
| 11) ұстаушыға облигациямен берілетін құқықтар | ▪ осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алуға құқық;<br>▪ осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде тіркелімді сыйақыны алуға құқық;<br>▪ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде көзделген тәртіппен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарымен Эмитент пен оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алу;<br>▪ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;<br>▪ Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеу міндеттемелерін орындамаған әр күніне тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл кезде Эмитенттің облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеу міндеттемелерін орындамаған әр күніне өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемелер орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне (яғни төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күнге) әрекет ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен алынып есептеледі;<br>▪ осы Проспектінің 3-2 тармағының 11-1) тармақшасында белгіленген жағдайларда облигациялардың барлық немесе бір бөлігін сатып алуды мәлімдеу құқығы;<br>▪ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға берілетін меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар.<br>Облигация ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығы көзделмеген.<br>Облигация ұстаушылардың Эмитенттен басқа мүліктік баламаны немесе өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген. |
| 11-1) эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар: | Облигациялар бойынша дефолт – бұл осы Проспектіде белгіленген негізгі борыш пен сыйақы төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап 10 |

| | |
|---|---|
| | (он) жұмыс күні ішінде сыйақыны төлемеу немесе толық төлемеу.<br>Дефолтқа сондай-ақ Эмитенттің осы Проспектіде белгіленген кез келген шектеулері (ковенант) бара-бар.<br>Эмитенттің осы Проспектіде белгіленген мерзімде сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуін мүмкін етпейтін, Эмитенттің облигация ұстаушының банктік шот деректемелерінің шынайы емес немесе толық емес деректемелерін алу нәтижесінде болса немесе Тіркеуші Эмитентке заңнамада және онымен бекітілген шартта белгіленген мерзімде облигация ұстаушының тізілімін бермесе облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.<br>Эмитент осы Проспекті бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер мұндай орындалмау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болған жағдайда жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп оның болуын алдын ала болжауға немесе болдырмауға болмайтын жағдайлар (стихиялық көріністер, әскери іс-қимылдар, тосқауыл қоятын немесе шектейтін сипаттағы уәкілетті органдардың актілері және т.с.с.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы Проспекті бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі мұндай жағдайлар немесе олардың салдары әрекет еткен уақыт кезеңіне мөлшерлес жылжытылады. |
| ⇒ Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитенттің алдын ала қолданатын шаралары, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау іс-шаралары, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары | Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент мерзімі өткен әр күн үшін облигация ұстаушылардың пайдасына ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен алғанда өсімпұл төлеуге міндетті.<br><br>Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілін хабарландыру арқылы, сондай-ақ ақпаратты Эмитенттің (http://www.halykbank.kz) корпоративтік сайтында, «Қазакстан қор биржасы» АҚ (http://www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитариінің (http://www.dfo.kz) интернет ресурстарында орналастыру арқылы облигация ұстаушыларға хабарлайды, оған:<br>▪ дефолттың болуының пайда болу фактісі туралы ақпарат;<br>▪ дефолт басталған күнге Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі, міндеттемелердің |

| | |
|---|---|
| | орындалмау себептері, сондай-ақ Эмитентке талаптармен хабарласудың тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигация ұстаушыларға өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерді тізіп шығу;<br>▪ Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде Эмитенттің қолданатын шаралары;<br>▪ Облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау іс-шаралары, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары;<br>▪ Эмитенттің шешімімен басқа ақпараты кіруі тиіс.<br><br>Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты жария ету тапсырмасы көзделмеген.<br><br>Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатымен дефолт оқиғасын болдыртқан себептерді жою іс-шараларының жоспарын әзірлеп, Эмитенттің тиісті органында бекітеді.<br><br>Эмитент бір немесе бірнеше дефолт оқиғасы басталған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде дефолт оқиғасын болдырған себептерді жою үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға міндетті (еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылатын оқиғалардан басқа) (**«Ұзарту кезеңі»**). Мұндай себептер аталған кезеңде жойылмаған жағдайда Эмитенттің облигация ұстаушылары Ұзарту кезеңінің соңғы жұмыс күнінен кейінгі келесі күннен бастап саналатын 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитенттен оған тиесілі облигацияларды Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талап қою арқылы сатып алуды талап етуге құқылы.<br><br>Эмитент мұндай талаптардың ішінен біреуін алғаннан кейін сатып алынатын күнді белгілейді, ол мұндай талапты алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кеш бомауы тиіс, облигация ұстаушыларға облигация ұстаушылардың өкілдері арқылы хабарлап, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ Эмитенттің (http://www.halykbank.kz) корпоративтік сайтында, (http://www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитариінің (http://www.dfo.kz) интернет ресурстарында хабарландыру орналастыру арқылы алдағы облигацияларды сатып алу күні туралы хабарлайды.<br><br>Эмитент облигация сатып алушылардың талаптарымен |

| | |
|---|---|
| | сатып алынатын күнге жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигацияның номиналды құнына сәйкес бағамен облигацияларды сатып алуға міндетті.<br><br>Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялы жауапкершілік арқалайтын адамдар жоқ. |
| 12) Облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеуге эмитенттің құқығы (бұл құқық эмитенттің облигациялар шығару туралы органының шешімінде көзделген жағдайда) | Эмитент Директорлар кеңесінің шешімімен облигациялар айналымының бүкіл мерзімі ішінде жинақталған сыйақыны бір уақытта төлей отырып облигацияларды номиналды құны бойынша мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуге құқығы бар.<br><br>Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды мерзімінен бұрын өтейтін күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Эмитенттің Директорлар кеңесімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, облигация ұстаушыларға Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығын жүзеге асыру тәртібі, талаптары және мерзімі туралы Эмитенттің (http://www.halykbank.kz) корпоративтік сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (http://www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитариінің (http://www.dfo.kz) интернет ресурстарында хабарландыру орналастыру және «Казахстанская Правда» мен «Егемен Қазақстан» газеттерінде жариялау арқылы хабарлайды.<br><br>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілен облигациялардың мерзімінен бұрын өтелген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы жинақталған сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы теңгемен номиналды құны бойынша жүргізіледі.<br><br>Облигациялар мерзімінен бұрын өтелген кезде Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілен, облигациялар мерзімінен бұрын өтелетін күн басталатын күннің алдындағы күннің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалардың номиналды құнды және соңғы сыйақыны алуға құқығы бар.<br><br>Облигация ұстаушылар Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалар болған жағдайда облигация ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болғанда облигациялар теңгемен өтеледі.<br><br>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтегенде теңгені басқа валютаға (АҚШ доллары немесе евродан басқа) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес – облигация ұстаушыдан облигациялардың мерзімінен бұрын өтелетін күніне дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын жазбаша өтініш |

| | |
|---|---|
| | алған жағдайда рұқсат етіледі. Аталған айырбастау төлем жүргізілетін күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізіледі. Теңгені басқа валютаға айырбастау (АҚШ доллары мен евродан басқа) Қазақстан Республикасының резиденті емес – облигация ұстаушының шотына орындалады.<br><br>Қазақстан Республикасының резиденті – облигация ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлем жүргізілгенде теңгені басқа валютаға айырбастауға болмайды.<br><br>Эмитенттің бастамасымен облигацияларды сатып алу:<br><br>Эмитент Директорлар кеңесінің шешімімен өз облигацияларын Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес олардың бүкіл айналым мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуға құқылы.<br><br>Облигацияларды сатып алу бағасын Эмитент:<br><br>- Мәміле жасалған күнге «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та пайда болған нарықтық құннан алғанда, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле бекіткенде;<br>- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле бекіткенде – тараптардың келісімімен белгілейді.<br><br>Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент оны қайта орналастыруы мүмкін.<br>Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялар сатып алынатын облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға алып келмеуі тиіс.<br>Орналастырылған облигациялардың саны (сатып алынғандарын шегергенде) туралы ақпаратты Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ пен Эмитент арасында бекітілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартқа сәйкес ашып береді.<br><br>**2003 жылғы 2 шілдедегі 461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-4 бабында көзделген жағдайларда Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу тәртібі**<br>2003 жылғы 2 шілдедегі 461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-4 бабына сәйкес Эмитент орналастырылған облигацияларды мынадай жағдайларда:<br><br>1. Эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдағанда;<br>2. Қор биржасы тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі |

| | |
|---|---|
| | құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасының беруіне қатысты арнайы талаптарын (листингілік) орындамауы себепті Эмитент облигацияларының қайта листингіленуі туралы шешім қабылдағанда;<br>3. Эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілдерімен жасалған шарт бұзылған немесе қолданысы тоқтатылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілдерімен шартты бекітпегенде сатып алуы мүмкін.<br><br>Аталған жағдайлар басталған кезде, Эмитент көлемнің қайсысының артықтығына қарай облигациялардың нарықтағы әділ құны бойынша немесе жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен орналастырылған облигацияларды сатып алуға міндетті.<br><br>Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзім ішінде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай мерзім болмаса – Проспектінің осы тармағында көрсетілген жағдайлардың ішінен біреуі пайда болған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Эмитент мұндай факті туралы, оған қоса:<br>▪ аталған оқиғалардың ішінен қайсысы Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелгені туралы ақпаратты;<br>▪ облигация ұстаушылардың Эмитентке талап қоя отырып, өтіштерінің тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыруға ықтимал әрекеттерін тізіп шығуын;<br>Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты облигация ұстаушыларға облигация ұстаушының өкілін хабарландыру Эмитенттің (http://www.halykbank.kz) корпоративтік сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (http://www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитариінің (http://www.dfo.kz) интернет ресурстарында хабарландыру орналастыру, «Казахстанская Правда» мен «Егемен Қазақстан» газеттерінде жариялау арқылы хабарлайды. |
| 12-1) эмитенттің облигация ұстаушыларға ақпараттың мазмұнын, мұндай ақпараттың ашылу тәртібін, мерзімін және ашылу тәсілін көрсете отырып, өз қызметі және қаржылық жағдайы туралы хабарлау, соның ішінде облигациялар шығарылымының проспектінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзуы туралы хабарлау тәртібі | Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпараты, соның ішінде ХҚЕС сәйкес жасалған Эмитенттің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есебі туралы ақпарат Эмитенттің корпоративтік сайтында (http://www.halykbank.kz), Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында бекітілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар туралы шартта көрсетілген мерзімдер мен тәртіптерге сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет ресурсында (http://www.kase.kz) және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзім мен тәртіптерге сәйкес |

| | |
|---|---|
| | Қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсында (http://www.dfo.kz) орналастырылады және жүйелі негізде жаңартылып отырады.<br>Осы Проспектіде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзу туралы хабарлау осы Проспектінің 3-тармағының 11-1 тармақшасында көзделген тәртіппен жүргізіледі. |
| 13) Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты пайдалану туралы мәліметтер: | Эмитент өз міндеттемелерін диверсифициялап, облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны экономиканың нақты секторының ірі кәсіпорындарын, сондай-ақ шағын, орта және бөлшек бизнесті кредиттеуге жұмсауға ниеттенген болса.<br>Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаның жоспарлы бөлінуі өзгерту мүмкін болатын жағдайлар басталғанда, Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Облигациялар шығарылымының проспектіне тиісті өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізетін болады. |
| **3-1.** Сыйақы мен негізгі борышты төлеуге қажетті эмитенттің ақшалай қаражатының көздері мен ағымына болжам осы Проспектінің 1-қосымшасында келтірілген. | |
| **3-2.** Эмитент қабылдайтын және Заңда көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл эмитенттің облигациялар шығару туралы шешімінде көзделсе). | Эмитент қабылдаған шектеулер (ковенанттар):<br>▪ Эмитенттің дивидендтерді төлеуге қатысты аудиттелген, шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сай шоғырландырылған таза кірістің 50%-ынан астам сомаға Эмитенттің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу. Аталған шектеу Эмитенттің кез келген артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге қолданылмайды;<br>▪ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлардан басқа, Эмитенттің негізгі қызмет түрлерін өзгертуді көздейтін Эмитеттің құрылтайшылық құжаттарына өзгерістер енгізбеу;<br>▪ Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында бекітілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;<br>▪ Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында бекітілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу.<br><br>Осы Проспектінің 3-тармағының 11-1 тармақшасына сәйкес дефолтқа сондай-ақ Эмитенттің осы Проспектіде кез келген шектеулерді (ковенант) бұзуы бара-бар болғандықтан, жоғарыда көрсетілген шектеулердің (ковенант) кез келгені бұзылған жағдайда Эмитент пен облигация ұстаушылардың әрекеттерінің тәртібі осы Проспектінің 3-тармағының 11-1 тармақшасымен |

| | |
|---|---|
| | реттеледі. |
| **4.** Опциондар туралы ақпарат: | Осы шығарылымның облигациялары бойынша опциондар көзделмеген |
| **5.** Айырбасталатын облигациялар: | Осы шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды |
| **6.** Облигацияларды орналастыру тәсілі: | |
| 1) облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі | Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес бүкіл айналым мерзімі ішінде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылады.<br>Облигациялар ұйымдастырылмаған нарықта орналастырылмайды .<br>Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған сол сияқты ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында айналымда болады.<br>Эмитент облигациялар айналымында қандай да бір шектеулердің, облигацияларды ықтимал сатып алушыларға қатысты шектеулердің, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша айтылмаса, Эмитенттің тараптарымен байланысты болып табылатын тұлғаларды қоса алғанда, олардың арасында облигациялардың орналастырылуы болжамдалатын тұлғалардың ортасына қатысты шектеулерді болжамайды. |
| 2) Акцияларға айырбасталатын облигациялар орналастырылғанда жазылу арқылы айырбастау талаптары көрсетіледі. | Осы шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды. |
| 3) облигацияларды төлеу талаптары мен тәртібі | Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысандағы ақшамен төленеді. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та ашық сауда-саттық жүргізу арқылы облигациялар орналастырылған кезде төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі . |

**Басқарма Төрағасының орынбасары** **Д. Карабаев**

**Бас бухгалтер** **П. Чеусов**

М.О.

**Кесте – Эмитенттің ақша ағындарының болжамы, млн. теңге**

| | 2014 жыл | 2015 жыл | | 2016 жыл | | 2017 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2 жартыжылд. | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. |
| 1.Таза кіріс | 51 604 | 50 801 | 48 903 | 73 240 | 76 178 | 82 310 | 88 483 |
| 1.1 Таза кірісті түзетуші түзетпелер | | | | | | | |
| 1.2 Қамтамасыз етуге қаржы бөлу | -4 982 | -6 000 | -6 000 | -6 585 | -7 228 | -7 933 | -8 707 |
| 1.3 Амортизациялық аударымдар | 2 771 | 2 645 | 2 645 | 2 751 | 2 861 | 2 976 | 3 095 |
| 1.4 есептелген шығыстары шегерілген есептелген кірістер | 535 | 683 | -2 244 | 72 | -365 | -380 | -396 |
| 1.5 Түзетуші түзетпелерден кейінгі таза кірістің барлығы | 53 281 | 53 472 | 54 502 | 77 002 | 80 910 | 87 648 | 94 491 |
| 2. Операциялық қызмет | | | | | | | |
| 2.1 Басқа банктердегі салымдар мен кредиттер бойынша өзгерістер | -95 693 | 102 963 | -11 136 | -117 735 | -8 368 | -8 702 | -9 051 |
| 2.2 Бағалы қағаздар портфеліндегі өзгерістер | 2 358 | 60 | -6 000 | -74 703 | -15 028 | -15 629 | -16 254 |
| 2.3 Клиенттерге берілген заемдар бойынша талап ету құқығындағы өзгерістер | -127 403 | -112 661 | -112 661 | -63 576 | -88 826 | -92 379 | -96 075 |
| 2.4 Басқа да талаптар мен активтер бойынша өзгерістер | 1 769 | 3 298 | -3 389 | 5 673 | -612 | -636 | -662 |
| 2.5 Басқа банктер мен ұйымдардан алынған заемдардағы өзгерістер | 41 281 | -9 865 | 0 | -24 052 | 2 052 | 2 136 | 2 222 |
| 2.6 Клиенттер қаражатын тартудан болатын міндеттемелер бойынша өзгерістер | -23 620 | 52 582 | 146 902 | 111 280 | 93 104 | 96 875 | 100 798 |
| 2.7 Басқа да міндеттемелер бойынша өзгерістер | -6 857 | -76 | 76 | 12 224 | 1 496 | 1 556 | 1 619 |
| 2.8 Операциялық қызметке байланысты ақша қозғалысының барлығы | -154 884 | 89 773 | 68 295 | -73 888 | 64 729 | 70 868 | 77 090 |
| 3. Инвестициялық қызмет | | | | | | | |
| 3.1 Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар бойынша өзгерістер | -27 154 | 0 | 0 | 8 500 | 1 506 | -3 173 | -3 300 |
| 3.2 Негізгі қаражат пен өзге де бейқаржылық активтерді сатып алу/өткізу | -3 862 | -398 | 398 | -25 270 | -5 004 | -5 204 | -5 413 |
| 3.3 Инвестициялық қызметке байланысты ақша қозғалысының барлығы | -31 016 | -398 | 398 | -16 770 | -3 498 | -8 378 | -8 713 |
| 4. Қаржылық қызмет | | | | | | | |
| 4.1 Жарғылық капиталдағы өзгерістер | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.2 Өтеп алынған меншікті акциялар | | | | | | | |
| 4.3 Қосымша капиталдағы өзгерістер | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.4 Борыштық бағалы қағаздар шығарылымынан келетін түсімдер | 50 000 | 50 000 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.5 Борыштық бағалы қағаздардың өтелуі | | -8000 | -7 433 | -4 000 | 0 | 0 | 0 |
| 4.5 Басқасы (дивидендтерді төлеу) | 0 | -31 078 | 0 | -40 063 | 0 | -49 825 | 0 |
| 4.6 Қаржылық қызметке байланысты ақша қозғалысының барлығы | 50 000 | 10 922 | -7 433 | -44 063 | 0 | -49 825 | 0 |
| | | | | | | | |
| 5. Операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижесіндегі ақшаның көбеюі (азаюы) барлығы | -135 900 | 100 296 | 61 260 | -134 721 | 61 230 | 12 665 | 68 377 |
| | | | | | | | |
| 6. Есептік кезең басындағы ақша қалдығы | 677 627 | 483 737 | 584 033 | 645 293 | 510 572 | 571 802 | 584 467 |
| 7. Есептік кезең аяғындағы ақша қалдығы | 483 737 | 584 033 | 645 293 | 510 572 | 571 802 | 584 467 | 652 844 |

**Кесте – Эмитенттің ақша ағындарының болжамы, млн. теңге** (жалғасы)

| | 2018 жыл | | 2019 жыл | | 2020 жыл | | 2021 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. |
| 1.Таза кіріс | 91 247 | 94 130 | 97 015 | 99 785 | 102 530 | 105 234 | 107 877 | 110 439 |
| 1.1 Таза кірісті түзетуші түзетпелер | | | | | | | | |
| 1.2 Қамтамасыз етуге қаржы бөлу | -9 557 | -10 490 | -11 513 | -12 637 | -13 870 | -15 223 | -16 709 | -18 339 |
| 1.3 Амортизациялық аударымдар | 3 218 | 3 347 | 3 481 | 3 620 | 3 765 | 3 916 | 4 072 | 4 235 |
| 1.4 есептелген шығыстары шегерілген есептелген кірістер | -412 | -429 | -446 | -465 | -484 | -503 | -524 | -545 |
| 1.5 Түзетуші түзетпелерден кейінгі таза кірістің барлығы | 97 998 | 101 701 | 105 494 | 109 266 | 113 118 | 117 044 | 121 037 | 125 088 |
| 2. Операциялық қызмет | | | | | | | | |
| 2.1 Басқа банктердегі салымдар мен кредиттер бойынша өзгерістер | -9 413 | -9 789 | -10 181 | -10 588 | -11 011 | -11 452 | -11 910 | -12 386 |
| 2.2 Бағалы қағаздар портфеліндегі өзгерістер | -16 905 | -17 581 | -18 284 | -19 015 | -19 776 | -20 567 | -21 390 | -22 245 |
| 2.3 Клиенттерге берілген заемдар бойынша талап ету құқығындағы өзгерістер | -99 918 | -103 914 | -108 071 | -112 394 | -116 890 | -121 565 | -126 428 | -131 485 |
| 2.4 Басқа да талаптар мен активтер бойынша өзгерістер | -688 | -716 | -744 | -774 | -805 | -837 | -871 | -905 |
| 2.5 Басқа банктер мен ұйымдардан алынған заемдардағы өзгерістер | 2 312 | 2 406 | 2 503 | 2 604 | 2 710 | 2 820 | 2 934 | 3 053 |
| 2.6 Клиенттер қаражатын тартудан болатын міндеттемелер бойынша өзгерістер | 104 881 | 109 129 | 113 548 | 118 147 | 122 932 | 127 911 | 133 091 | 138 481 |
| 2.7 Басқа да міндеттемелер бойынша өзгерістер | 1 685 | 1 753 | 1 824 | 1 898 | 1 975 | 2 055 | 2 138 | 2 224 |
| 2.8 Операциялық қызметке байланысты ақша қозғалысының барлығы | 79 952 | 82 989 | 86 089 | 89 144 | 92 253 | 95 408 | 98 602 | 101 825 |
| 3. Инвестициялық қызмет | | | | | | | | |
| 3.1 Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар бойынша өзгерістер | -3 432 | -3 569 | -3 712 | -3 860 | -4 015 | -4 175 | -4 343 | -4 516 |
| 3.2 Негізгі қаражат пен өзге де бейқаржылық активтерді сатып алу/өткізу | -5 629 | -5 854 | -6 089 | -6 332 | -6 585 | -6 849 | -7 123 | -7 408 |
| 3.3 Инвестициялық қызметке байланысты ақша қозғалысының барлығы | -9 061 | -9 424 | -9 801 | -10 193 | -10 600 | -11 024 | -11 465 | -11 924 |
| 4. Қаржылық қызмет | | | | | | | | |
| 4.1 Жарғылық капиталдағы өзгерістер | 35 074 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.2 Өтеп алынған меншікті акциялар | | | | | | | | |
| 4.3 Қосымша капиталдағы өзгерістер | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.4 Борыштық бағалы қағаздар шығарылымынан келетін түсімдер | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.5 Борыштық бағалы қағаздардың өтелуі | 0 | -5 000 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.5 Басқасы (дивидендтерді төлеу) | -55 867 | 0 | -59 514 | 0 | -63 165 | 0 | -66 794 | 0 |
| 4.6 Қаржылық қызметке байланысты ақша қозғалысының барлығы | -20 793 | -5 000 | -59 514 | 0 | -63 165 | 0 | -66 794 | 0 |
| | | | | | | | | |
| 5. Операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижесіндегі ақшаның көбеюі (азаюы) барлығы | 50 098 | 68 565 | 16 774 | 78 951 | 18 487 | 84 384 | 20 343 | 89 901 |
| | | | | | | | | |
| 6. Есептік кезең басындағы ақша қалдығы | 652 844 | 702 942 | 771 507 | 788 282 | 867 233 | 885 720 | 970 104 | 990 447 |
| 7. Есептік кезең аяғындағы ақша қалдығы | 702 942 | 771 507 | 788 282 | 867 233 | 885 720 | 970 104 | 990 447 | 1 080 348 |

**Кесте – Эмитенттің ақша ағындарының болжамы, млн. теңге (жалғасы)**

| | 2022 жыл | | 2023 жыл | | 2024 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. | 1 жартыжылд. | 2 жартыжылд. |
| 1.Таза кіріс | 112 894 | 115 213 | 117 365 | 119 312 | 121 013 | 124 132 |
| 1.1 Таза кірісті түзетуші түзетпелер | | | | | | |
| 1.2 Қамтамасыз етуге қаржы бөлу | -20 128 | -22 093 | -24 248 | -26 614 | -29 211 | -32 062 |
| 1.3 Амортизациялық аударымдар | 4 405 | 4 581 | 4 764 | 4 955 | 5 153 | 5 359 |
| 1.4 есептелген шығыстары шегерілген есептелген кірістер | -568 | -591 | -615 | -640 | -666 | -694 |
| 1.5 Түзетуші түзетпелерден кейінгі таза кірістің барлығы | 129 185 | 133 316 | 137 464 | 141 612 | 145 738 | 151 529 |
| 2. Операциялық қызмет | | | | | | |
| 2.1 Басқа банктердегі салымдар мен кредиттер бойынша өзгерістер | -12 882 | -13 397 | -13 933 | -14 490 | -15 070 | -15 673 |
| 2.2 Бағалы қағаздар портфеліндегі өзгерістер | -23 135 | -24 061 | -25 023 | -26 024 | -27 065 | -28 147 |
| 2.3 Клиенттерге берілген заемдар бойынша талап ету құқығындағы өзгерістер | -136 744 | -142 214 | -147 903 | -153 819 | -159 971 | -166 370 |
| 2.4 Басқа да талаптар мен активтер бойынша өзгерістер | -942 | -979 | -1 018 | -1 059 | -1 102 | -1 146 |
| 2.5 Басқа банктер мен ұйымдардан алынған заемдардағы өзгерістер | 3 176 | 3 305 | 3 439 | 3 578 | 3 723 | 3 874 |
| 2.6 Клиенттер қаражатын тартудан болатын міндеттемелер бойынша өзгерістер | 144 090 | 149 925 | 155 997 | 162 315 | 168 889 | 175 729 |
| 2.7 Басқа да міндеттемелер бойынша өзгерістер | 2 314 | 2 408 | 2 506 | 2 607 | 2 713 | 2 823 |
| 2.8 Операциялық қызметке байланысты ақша қозғалысының барлығы | 105 063 | 108 303 | 111 529 | 114 721 | 117 855 | 122 618 |
| 3. Инвестициялық қызмет | | | | | | |
| 3.1 Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар бойынша өзгерістер | -4 697 | -4 885 | -5 080 | -5 283 | -5 495 | -5 714 |
| 3.2 Негізгі қаражат пен өзге де бейқаржылық активтерді сатып алу/өткізу | -7 704 | -8 012 | -8 333 | -8 666 | -9 012 | -9 373 |
| 3.3 Инвестициялық қызметке байланысты ақша қозғалысының барлығы | -12 401 | -12 897 | -13 413 | -13 949 | -14 507 | -15 087 |
| 4. Қаржылық қызмет | | | | | | |
| 4.1 Жарғылық капиталдағы өзгерістер | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.2 Өтеп алынған меншікті акциялар | | | | | | |
| 4.3 Қосымша капиталдағы өзгерістер | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.4 Борыштық бағалы қағаздар шығарылымынан келетін түсімдер | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 4.5 Борыштық бағалы қағаздардың өтелуі | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | -100 000 |
| 4.5 Басқасы (дивидендтерді төлеу) | -70 357 | 0 | -73 759 | 0 | -76 877 | 0 |
| 4.6 Қаржылық қызметке байланысты ақша қозғалысының барлығы | -70 357 | 0 | -73 759 | 0 | -76 877 | -100 000 |
| | | | | | | |
| 5. Операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет нәтижесіндегі ақшаның көбеюі (азаюы) барлығы | 22 305 | 95 407 | 24 357 | 100 771 | 26 471 | 7 531 |
| | | | | | | |
| 6. Есептік кезең басындағы ақша қалдығы | 1 080 348 | 1 102 653 | 1 198 059 | 1 222 417 | 1 323 188 | 1 349 659 |
| 7. Есептік кезең аяғындағы ақша қалдығы | 1 102 653 | 1 198 059 | 1 222 417 | 1 323 188 | 1 349 659 | 1 357 190 |